

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**



**Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н.
ГУМИЛЕВА**

**"ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ
ДАМУЫ: ШЫНДЫҒЫ МЕН БОЛАШАҒЫ"
атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
ЕҢБЕКТЕР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК ТРУДОВ
международной научно-практической конференции
"СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ НЕЗАВИСИМОГО
КАЗАХСТАНА: РЕАЛИИ И ПЕРСПЕКТИВЫ"**



**9 желтоқсан, 2021
Нұр – Сұлтан**

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

T29

Редакция алқасы

МАЙДЫРОВА А.Б. - төрайым, э.ғ.д., профессор, кафедра меңгерушісі,

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БАЙЖОЛОВА Р.А. - э.ғ.д., профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. - э.ғ.д., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

БЕРЖАНОВА А.М. - э.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Л.Н. Гумилев

атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ЖАНАБАЕВА Ж.К. - э.ғ.к., доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

АУЕЛБЕКОВА А.К. - э.ғ.к., доцент Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ДОСМАҒАНБЕТОВ Н.С. - э.ғ.м., Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

КАЗБЕКОВА З.К. - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

НҰРЛАНҰЛЫ А - магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық

университеті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

ISBN 978-601-337-610-3

T29 "Тәуелсіз Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы: шындығы мен болашағы" атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. –Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2021. – 361 б.

Сборник трудов международной научно-практической конференции "Социально-экономическое развитие независимого Казахстана: реалии и перспективы". – Нур-Султан: ЕНУ им.Л.Н.Гумилева, 2021. – 361 с.

Works of the International scientific - practical conference "Socio-economic development of independent Kazakhstan: realities and prospects". - Nur-Sultan: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2021. – 361 p.

ӘОЖ 338.2 (574) (075.8)

ҚБЖ 65.9 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-337-610-3

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2021

© Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, 2021

Мал шаруашылығы - 165 кәсіпорын.
Маусымдық дақылдарды өсіру - 133 компания.
Қосалқы қызмет түрлері - 39 ұйым.
Көпжылдық дақылдарды өсіру — 8 кәсіпорын [5].

Қорытындылай келетін болсақ, АӨК ел экономикасының басқа салаларын дамытып, елдегі қаржы ағындарының едәуір көлемін қалыптастырып, жұмыс орындарына тұрақты сұранысты қамтамасыз етіп, ұлттық экономикалық жүйені және тұтастай қоғамды тиімді дамытуға айтарлықтай үлесін тигізіп, маңызды орынды алып отыр. Агроөнеркәсіптік секторды орнықты дамытудың негізгі өлшемі тұтастай алғанда АӨК-нің, ауыл шаруашылығының және оның басқа да салаларының, кәсіпорындар мен қызметкерлердің кірістерін ұлғайту болып табылады, осының есебінен елдің жалпы ішкі өнімнің кірісін ұлғайтуға және мемлекеттік кірістердің өсуіне үлесі қамтамасыз етілетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Заработная плата работников по группам профессий и должностей в РК за 2020 год. [Электрондық ресурс] <https://online.zakon.kz/>
2. Қазақстан Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Жолдауы. 2021 жыл 1 қыркүйек
3. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2 б
4. Агро инфо: информационное агентство. [Электрондық ресурс]: <https://agroinfo.kz/>
5. [Электрондық ресурс] <https://marketingcenter.kz/20/rynok-selskoe-khoziaistvo-kazakhstan.html>

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ТҮРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚОЛДАУ

Мелдеш Д.К.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., meldesh_d@mail.ru

Тұрғын үй құрылысын дамыту – «Қазақстан-2050» даму стратегиясының басым бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстан Республикасы өзінің бәсекеге қабілеттілігін және дамыған әлеуметтік саясатын арттыру арқылы әлемнің ең дамыған отыз елінің қатарына кіруге ұмтылуда [1]. Мемлекет дамуының барлық салалары өзара байланысты және халықты сапалы, қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету елдің әлеуметтік дамуының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазіргі таңда тұрғын үй нарығындағы ұсыныстың өсуіне және жана салынған тұрғын үйді пайдалануға беру мерзімдерінің жеделдеуіне қарамастан, құрылыстың ағымдағы қарқыны БҰҰ-ның әлеуметтік стандарттарына (30 ш.м.) сай емес [2] (Қазақстанда бұл көрсеткіш 2020 жылдың қорытындысы бойынша

тек 22,6 шаршы метрді құрады). Өкінішке орай, халықтың барлық санаттарында Қазақстанның қаржы-кредит мекемелерінің ағымдағы бағалары мен ипотекалық пайыздық мөлшерлемелері бойынша тұрғын үй сатып алуға жеткілікті қаржылық мүмкіндіктер жоқ.

Сонымен қатар, халық санының өсуінің оң серпіні (2020 жылдың қорытындысы бойынша 18 млн.877 мың адамнан асты) [3] тұрғын үйге сұраныстың өсуіне алып келіп, мемлекеттің тұрғын үй қорын толықтыруға өткір қажеттілікті негіздеді. Қазақстанда тұрғын үй мәселесі әрдайым өзекті болып келді және болып қала береді. Бұған бірқатар келесідей факторлар ықпал етеді: тұрғын үймен қамтамасыз ететін ресурстардың жетіспеушілігі, минималды несие көрсеткішінің төмендігі, урбандалу, қалалар санының өсуі және т.б.

Қазақстан Республикасында тұрғын үй құрылысын мемлекеттік қолдаудың көп жылдық тәжірибесі бар, ол қолданыстағы заңнамаға және мемлекеттің даму үрдістеріне сәйкес реттеледі. Тәуелсіздігіміздің осы күніне дейін елімізге тұрғын үй мәселелерін реттейтін мемлекеттік институттар құрылды, заңдарға қол қойылды және тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік біршама бағдарламалары қабылданған. Осылайша, 2000 жылы мемлекет азаматтардың тұрғын үй сатып алу қабілетін ынталандыратын «Тұрғын үй жинақ құрылысы» жүйесін енгізуге бастама жасады. Сол жылы "Қазақстан Республикасындағы тұрғын үй құрылысы жинақ қоры туралы" Заңға қол қойылды және оны "Қазақстан ипотекалық компаниясы" ұйымдастырады деп бекітілді. Бұл шешімді қабылдау, елдегі тұрғын үй құрылысын дамытуды мемлекеттік қолдаудың маңызды кезеңінің бастауы болып, қазіргі уақытта да жалғасын табуда. Нақтырақ айтатын болсақ, Президенттің 2004 жылғы 19 наурыздағы "Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін" атты Қазақстан халқына Жолдауының негізінде 2005-2007 жылдар кезеңінде тұрғын үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасы әзірленді. Мемлекеттік бағдарламаны іске асыру шаралары орта тап пен азаматтардың басым санаттары (жас отбасылар (отбасы мүшелерінің жасы 29-ға дейін), мемлекеттік органдардың қызметкерлері) үшін қолжетімді тұрғын үй салуға бағытталды.

Алайда, 2008 жылғы әлемдік қаржы дағдарысының салдары Қазақстанның тұрғын үй нарығының жай-күйіне елеулі әсерін тигізіп, осы саладағы проблемалардың пайда болуына және шиеленісуіне әкелді, олардың негізгілерінен мыналарды бөліп көрсетуге болады:

- құрылысты тоқтатуға мәжбүр болу - 2007 жылдың 4-тоқсанында республикада 450-ге жуық тұрғын үй кешені салынса, дағдарысқа байланысты олардың құрылысы уақытша тоқтатылды;

- үлескерлердің дауы-үлестік құрылысқа қаражат инвестициялаған және оның құнын 100% төлеген азаматтар өз пәтерлерін уақытында ала алмады, сондай-ақ, салымшылардың ақшасын иемденген құрылыс салушылардың жауапсыздығы жағдайға әсер етті;

- халықтың төлем қабілеттілігінің төмендеуі – халық теңгенің 20 %-дық девальвациясы себебінен доллармен берілген кредиттерді төлеуге қабілетсіз

болды, ал жұмысынан айырылған адамдар банктерге кепіл мүлкін беруге мәжбүр болды.

Осы мәселелерді шешу үшін мемлекет 2008-2010 жылдар кезеңіне арналған тұрғын үй құрылысының жаңа мемлекеттік бағдарламасын әзірледі, оған сәйкес 2008 жылы "Самұрық-Қазына" қоры, ал 2009 жылы оның еншілес компаниясы "Самұрық – Қазына "жылжымайтын мүлік қоры" құрылды.

Мемлекеттік бағдарламалар жоспарлаған белгілі бір нәтижелерге қол жеткізгеніне қарамастан, халықтың көп бөлігі үшін тұрғын үй әлі де қол жетімді болмады. Атап айтқанда, 2010-2014 жылдары экономикалық белсенді халықтың 71% нарықтық жағдайларда еркін түрде тұрғын үй сатып ала алмады [4]. Мемлекеттік қолдау бағдарламалары бойынша кезек біртіндеп өсе бастады, бұл жалпы халықты сапалы тұрғын үймен қамтамасыз ету деңгейі мен қарқынын төмендетті.

Бұл жағдайдан соң мемлекет "Қолжетімді тұрғын үй – 2020" бағдарламасын және "Нұрлы Жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасын қосымша әзірлеп, бекітті [5]. Аталған бағдарламалар "Отбасы-банк" АҚ мүшелерін, жинақтаушы бағдарламаларының қатысушыларын және жергілікті атқарушы органдарда кезекте тұрған азаматтарды, жаңа, қолжетімді және жайлы тұрғын үймен қамтамасыз етуге бағытталған. "Қолжетімді тұрғын үй-2020" бағдарламасы аясында елімізде 2012-2020 жылдары 69 050 мың шаршы метрден астам тұрғын үй салынды. 2017-2020 жылдары елімізде 303,6 мың бірлік пәтер пайдалануға берілді, оның ішінде "Нұрлы Жер" тұрғын үй құрылысы бағдарламасы шеңберінде 2017-2018 жылдары 49 мыңнан астам жалдамалы және кредиттік үлгідегі тұрғын үй салынды.

Алайда, әлемдік пандемия және оның әлеуметтік-экономикалық салдары (шекаралардың жабылуы, кәсіпорындар жұмысының шектелуі және жұмыс күшінің қозғалысы) жағдайында еліміз тұрғын үй құрылысы саласында тағы да проблемаларға тап болды. Төтенше жағдай кезінде құрылыс саласын қолдау мақсатында мемлекет 1 трлн. жұмыспен қамту жол картасы және "Қарапайым заттар экономикасы" бағдарламасы шеңберінде жобаларды іске асыру үшін, шағын және орта бизнес өкілдері салық төлеу мерзімі бойынша жеңілдіктер ала алды. Қосымша 390 млрд теңге бөлініп, "Шаңырақ" пилоттық жобасын іске асыруға, оның 180 млрд.теңгесі әлеуметтік кредиттік тұрғын үй құрылысына және 210 млрд. теңгесі "5-10-20" ипотекасының шарттары бойынша тұрғын үй құрылыс жинақ банкі арқылы жеңілдікпен кредит беруге бағытталды [6].

Ағымдағы жылда тұрғын үй нарығында азаматтардың зейнетақы қаражатын мерзімінен бұрын алу мүмкіндігімен қамтамасыз етілуімен байланысты бағаның өсу үрдісі жалғасын тапты. Мәліметтерге сай, соңғы сегіз айда 264,5 мыңға жуық қазақстандық зейнетақы жинақтарын тұрғын үй сатып алу үшін пайдаланған. Тағы 131 мың азамат ипотекалық қарыздар бойынша қарыздарын өтеген.

Соңғы жылдардағы ипотекалық кредит беру саласындағы белсенділікті көп жағдайда тұрғын үй саласын мемлекеттік қолдаумен байланыстыруға болады. Еліміздегі ипотеканы қандай да бір бағдарламалар шеңберінде

ұсынатын банктер қатарына: Халық Банк, Сбербанк, Jusan Bank, ForteBank, Bank RBK, ВТБ Банкі (Қазақстан), Нұрбанк, Еуразиялық банк, Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкіні атап өтуге болады. Деректерге сай, теңгемен ипотекалық кредиттеу бойынша тиімді мөлшерлемелер 3,6% - дан 18,4% - ға дейін ауытқитынын байқауға болады.

Кесте 1. Ипотекалық несиелеу бойынша банктер тізімі

Банк атауы	Несие бойынша ең төменгі мөлшерлеме*	Бастапқы ең төменгі жарна сомасы**	Несиенің максималды мерзімі	Несие валютасы
АО "Отбасы банк"	3,6%	50%	25 жыл	KZT
Халық банк	14%	30%	20 жыл	KZT
First Heartland Jusan Bank	12,7%	30%	20 жыл	KZT
ForteBank	18,4%	15%	20 жыл	KZT
Сбербанк	13,77%	20%	20 жыл	KZT
Евразия банк	11.25%	20%	15 жыл	KZT
RBK банк	16.5%	30%	15 жыл	KZT
*сыйақының жылдық тиімді мөлшерлемесі. ** сатып алынатын жылжымайтын мүлік құнынан				

Елдегі ең тиімді ипотекалық бағдарламалар тікелей мемлекеттік қатысу арқылы жүзеге асырылады. Нарықта бастапқы және қайталама тұрғын үйлерге арналған бірнеше: "7-20-25", "Баспана Хит", "Орда", "Бақытты отбасы", "Ұмай", "әскери өнім", "5-20-25" және т.б. ипотекалық бағдарламалар сәтті іске асырылуда. Зерттеу барысында анықталған мәліметтерге сай, тұрғын үй жылжымайтын мүлкінің бағасының өсуінің бірнеше себептерін көрсетіп өтуге болады:

Біріншіден, жоғары сұраныс. Мұндағы басты ерекшелік-ипотека нарығының шоғырлануы. Оның негізгі бөлігі немесе 52% дәстүрлі түрде Нұр-Сұлтан мен Алматыда шоғырланған. Нарықтың төрттен бір бөлігі Маңғыстау, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарында және Шымкентте қалыптасқан. Бұл өңірлерде ипотекалық несиелендірудің өсу қарқыны 2021 жылы 12% - дан 23% - ға дейін, ал жана тұрғын үйді пайдалануға беру 13% - дан 24% - ға дейін өсті. Яғни, нарықта тұрғын үйге зейнетақы қаражатын пайдалану мүмкіндігімен, тұрғын үй мемлекеттік бағдарламаларының әрекетімен және Отбасы банкі тарапынан несиелеудің кеңеюімен байланысты жоғары сұраныс қалыптасты. Ал сұраныстың бағаны тудыратындығы барлығымызға белгілі. Сондықтан тамыз айында бастапқы тұрғын үй 2020 жылғы желтоқсанмен салыстырғанда 10,9% - ға қымбаттап, бір шаршы метр үшін 343,8 мың теңгеге жетті, ал жайлы тұрғын үйдің құны бір шаршы метр үшін 272,8 мың теңгеге дейін, яғни 17% - ға өсті.



Сурет 1. Тұрғын үйдің 1 ш.м. шаққандағы құны

Дереккөз: ҚР Ұлттық статистика бюросы [8]

Екіншіден, тұрғын үй тапшылығы. Бұл тұрғын үй нарығын дамытудың ағымдағы серпіні кезінде таяудағы 15-20 жылда сақталатын негізгі себептердің бірі. Қазір елімізде тұрғын үй тапшылығы 180-200 млн шаршы метр деңгейінде тұр, 2025 жылға дейін Қазақстан 100 млн шаршы метр тұрғын үй салуға ниеттенуде. Алайда, халықтың жыл сайынғы 1,3% - ға өсуін ескере отырып, тұрғын үй тапшылығы 120-130 млн шаршы метр деңгейінде қалуы ықтимал.

Үшіншіден, құрылыс материалдарының қымбаттығы. Құрылыс материалдарына ішкі сұранысты отандық өндірушілер қамтамасыз ете алмайды. Өнімнің кейбір түрлері бойынша импорт үлесі, тіпті 80% - дан асады. Импорттың жоғары деңгейі, өз кезегінде, ұлттық валютаға, сондай-ақ экономикалық белсенділікке қысым көрсете отырып, елдің сауда теңгеріміне теріс әсер етеді. Ұлттық статистика бюросының мәліметінше, 2021 жылдың жеті айында құрылыс материалдарының импорты 368,5 млн долларға жетті, бұл экспорттан 16 есе көп. Әрине, бұл жылжымайтын мүлік бағасына үлкен соққы [7].

Қорытындылай келе, тұрғын үй нарығы 2020 жылға дейін тұрақты дамығанын байқауымызға болады. Мемлекет тұрғын үй жылжымайтын мүлік нарығының жұмыс істеу саласын реттеуші рөлін тоқтаусыз атқаруда. 2023 жылдан кейін тұрғын үйді пайдалануға беру қарқыны мен көлемі төмендеп, оның бағасы біртіндеп артады деп болжам жасауға болады. Қысқа мерзімді перспективада бұл жағдай сенімді құрылыс салушылар салған сапалы тұрғын үйдің тапшылығына әкелуі мүмкін және сапасы төмен тұрғын үйді сатуға себеп болады. Тұрғын үйге тапшылықтың туындауына жол бермеу, мемлекет алдына қоюы тиісті маңызды және өзекті мәселелердің бірі болып тұр, олай болмаған жағдайда, бағаның өсуі халықтың жинақ өсімінен асып кетуіне соғып, тұрғын үйге мұқтаж халық санының одан әрі өсуіне әкеледі.

Жалпы құрылыс процесін ұйымдастыруға, құрылыс сапасын қамтамасыз ету мақсатында қазіргі заманғы технологияларды қолдануға бағытталған құрылыс саласындағы нормативтік-құқықтық базаны және мемлекеттік стандарттар мен нормативтерді жетілдіруге аса назар аудару қажет деп санаймын. Әлеуметтік саясат, құрылыс материалдары бағаларының мониторингі, жылжымайтын мүліктің ұсынылатын бағаларын халықтың

табыстарымен салыстыру, өзінің іске асырылуын талап етеді. Осы орайда, халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдау өте маңызды, бұл Қазақстанның құрылыс саласын қолдауда мемлекеттің рөлін одан әрі арттыру қажеттілігін негіздейді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. «Қазақстан-2050 Стратегиясы» [Электрондық қор]. – Кіру тәртібі: // URL:[https:// www. akorda. kz / ru / official_documents / strategies_and_programms](https://www.akorda.kz/ru/official_documents/strategies_and_programms)

2. БҰҰ құжаттары [Электрондық қор] // Әділет [web-портал]. Кіру тәртібі: URL: <http://adilet.zan.kz/rus/>

3. Ақпараттық агенттік "Ranking.kz" [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <http://ranking.kz/ru/a/infopovody/tret-vseh-rashodov-kazahstancev-na-edu-uhodit-na-myaso-imyasoprodukty-glavnye-myasoedy-zhivut-v-karagandinskoj-i-akmolinskoj-oblastyah-menshe-vsego-myasadostayotsya-zhitelyam-shymkenta-i-turkestanskoj-oblasti>

4. "Самұрық-Қазына жылжымайтын мүлік қоры 2009" АҚ жылдық есебі [Электрондық қор] . - Кіру тәртібі: <https://skcn.kz/ru/news/godovye-otchety>

5. "Нұрлы жер "Тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 22 маусымдағы № 372 қаулысы. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: // Әділет [web-портал]. – 2018. - URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/P1800000372>

6. "Отбасы Банк" сайтынан алынған деректер [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://hcsbk.kz>

7. Ақпараттық агенттік "Kapital.kz" [Электрондық қор]. - Кіру тәртібі: . https://kapital.kz/real_estate/98793/pochemu-v-kazakhstan-dorozhayet-zhil-ye.html

8. Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігінің Ұлттық статистика бюросы. [Электронды қор]. – Кіру тәртібі: <https://stat.gov.kz/>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЕМДЕУ-САУЫҚТЫРУ ТУРИЗМІ: ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ МЕН ДАМУ БОЛАШАҒЫ

Молдашева А.Б., Орынбаева У.А.

М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
Қазақстан, Тараз қ., altun_78@mail.ru

Бүкіл әлемде ғылыми жұмыстар жеделдетілуде техникалық прогресс, урбанизация процестері жүріп жатыр, адам ағзасының функционалды мүмкіндіктерінің төмендеуі байқалады, бұл оның өмірлік маңызды жүйелерінің нашарлауынан көрінеді, стресс жүктемелері едәуір артады, адам ағзасында физикалық және психикалық шаршау жинақталады. Сонымен қатар, әлемде салауатты өмір салтының маңыздылығын түсіну үрдісі байқалады. Рухани байытумен қатар жақсы дене шынықтыруды қалайтын адамдар саны артып